



«ҚазАгроҚаржы» АҚ сапа менеджменті
жүйесінің кейбір мәселелері туралы»
«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының
2025 жылғы «11» ақпандағы № 14 бұйрығына
№ 1 қосымша

2025 жылға арналған «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ сапа саласындағы саясаты қолжетімді лизингтік қызметтерді ұсыну жолымен АӨК саласының заманауи және жоғары технологиялық техникаға деген қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиенттеріне сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Біздің Миссия: Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бизнесін техникалық және технологиялық жаңғырту.

Пайымдау: «ҚазАгроҚаржы» АҚ - АӨК саласындағы клиенттерді цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, жан-жақты қолдауды қамтамасыз ететін серіктес.

Сапа саласындағы саясат «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің ажырамас құралы болып табылады және мынадай талаптар бойынша қол жеткізіледі:

- сапа менеджменті жүйесінің өзіне белгіленген талаптарға сәйкестігі және оның тиімділігін үнемі арттырып отыру;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау және орындау;
- көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін ұлғайту және сапасын арттыру, сондай-ақ коммуникацияларды дамыту, сервис пен клиенттерге қызмет көрсету деңгейін жақсарту;
- Қоғамның өнімдер желісін дамыту, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері күтетін және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, лизингтік қызметтерді жетілдіру;
- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, қызметтерді жеткізушілермен және тұтынушылармен сапалы байланысты күшейту.

Қоғам командасы сапа менеджменті жүйесін дамыту және үнемі жетілдіру процесіне тікелей қатысады. Көрсетілетін қызметтерді дамытудың жаңа идеяларын зерделеуге, іздеуге және іске асыруға ыждағаттылықпен көңіл бөледі. Барлық деңгейдегі басшылар өз бөлімшелерінің міндеттерін нақты айқындай отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ стратегиялық мақсаттарына сәйкес өз қызметінің нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге ұмтылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ басшылығы осы саясатты барлық қызметкердің түсінуі мен орындауын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесін қалыпты жұмыс жағдайында ұстауды және оны үнемі жақсартып отыруды қолдау үшін осы саясатты **ұстануға міндеттенеді.**